

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2004 жылы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына мақсатты инвестициялық трансферттерді бөлуі мен пайдалануының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 шілдедегі N 769 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2004 жылы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына мақсатты инвестициялық трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: облыстық, Астана және Алматы қалаларының 2004 жылға арналған бюджеттерінде тиісті түсімдерді, сондай-ақ мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына байланысты бағдарламалар бойынша шығыстарды көздейтін тиісті мәслихаттардың шешімдері қабылданғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін ұсынсын;

есепті айдан кейінгі 8-күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жұмыстардың барысы және мақсатты инвестициялық трансферттердің пайдаланылуы туралы ай сайынғы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне (бағдарламаның әкімшісіне) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) бір шаршы метр үшін 350 (үш жүз елу) АҚШ долларынан аспайтын есеппен мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына Ережеде көзделген шарттар бойынша 2004 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттан 6 400 000 000 (алты миллиард төрт жүз миллион) теңге сомасында мақсатты инвестициялық трансферттер бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулының 3-тармағында көрсетілген қаражатты жергілікті атқарушы органдарға оның ішінде:

Ақмола	облысына	-	393	750	000	теңге;
Ақтөбе	облысына	-	393	750	000	теңге;
Алматы	облысына	-	393	750	000	теңге;

Атырау облысына - 393 750 000 теңге;
 Шығыс Қазақстан облысына - 393 750 000 теңге;
 Жамбыл облысына - 393 750 000 теңге;
 Батыс Қазақстан облысына - 393 750 000 теңге;
 Қарағанды облысына - 393 750 000 теңге;
 Қостанай облысына - 393 750 000 теңге;
 Қызылорда облысына - 393 750 000 теңге;
 Маңғыстау облысына - 393 750 000 теңге;
 Павлодар облысына - 393 750 000 теңге;
 Солтүстік Қазақстан облысына - 493 750 000 теңге;
 Оңтүстік Қазақстан облысына - 393 750 000 теңге;
 Астана қаласына - 393 750 000 теңге;

Алматы қаласына - 393 750 000 теңге бөлсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жергілікті атқарушы органдардың инвестициялық трансферттерді мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысын бақылауды және үйлестіруді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 ш і л д е д е г і

№ 7 6 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2004 жылы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына мақсатты инвестициялық трансферттерді пайдалану ережесі

1. Осы Ереже облыстар, Астана және Алматы қалалары жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) 6 400 000 000 {алты миллиард төрт жүз миллион) теңге сомасында "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңында көзделген 2004 жылы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына мақсатты инвестициялық трансферттерді пайдаланудың тәртібін

а й қ ы н д а й д ы .

2. Мақсатты инвестициялық трансферттерді Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне (бағдарламаның әкімшісіне) белгіленген тәртіппен бекітілген 2004 жылға арналған республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына Қазақстан Республикасының Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і б ө л е д і .

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынған ақы төлеу шотының негізінде және деректемелер бойынша жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мақсатты инвестициялық трансферттердің бекітілген жалпы сомасын бөлуге сәйкес және белгіленген тәртіппен бекітілген "Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасын қаржыландырудың жоспарына сәйкес сома аударылады.

4. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына тапсырысшы болып табылатын жергілікті мемлекеттік мекемелер белгіленген тәртіппен мердігер (бас мердігер) ұйымдарға алдын ала ақы төлеуді жүргізеді, ал кейінгі есеп айырысуларды Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары растаған орындалған жұмыстар актілерінің негізінде жүргізеді.

5. Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға және бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

6. Мақсатты инвестициялық трансферттерді тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға уақтылы, мақсатты және тиімді пайдалану үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жергілікті атқарушы о р г а н д а р ж а у а п т ы б о л а д ы .

7. Жергілікті атқарушы органдардың тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға мақсатты инвестициялық трансферттерді игеру мониторингін енгізуді Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жүзеге асырады.